

4-ТАҚЫРЫП ІСТЕП ЖАТЫРМЫН/ІСТЕП ЖАТҚАН ЖОҚПЫН (НАҚ ОСЫ ШАҚ)

*Мен тамақ ішіп
жатырмын*



*Жаңбыр жауып
жатыр.*



Біз жүгіріп жүрміз.



*Ол кітап оқып отыр
Ол кітап оқып отырған жоқ*

*Олар жүгіріп жүр.
Олар жүгіріп жүрген жоқ*

*Ол тамақ ішіп жатыр.
Ол тамақ ішіп жатқан жоқ.*

Нақ осы шақ:

Етістік + -ып, -іп, -п + жатыр, отыр, тұр, жүр.

Мен	Етістік + -ып, -іп, -п	Жатыр, отыр, тұр, жүр	-мын/-мін
Сен			-сың/-сің
Сіз			-сыз/-сіз
Ол			-/-
Біз			-мыз/-міз
Сендер			-сыңдар/сіндер
Сіздер			-сыздар/-сіздер
Олар			-/-

- Мен жұмыс істеп **отырмын**

- Сен кітап оқып отырсың.
- Ол тамақ ішіп отыр.
- Біз жаңалық көріп отырмыз.
- Сіздер ұйықтап жатырсыздар.
- Олар кино көріп отыр.

Мен	Етістік + -ып, -іп, -п	Жатқан, отырған тұрған жүрген	жоқпын
Сен			жоқсың
Сіз			жоқсыз
Ол			жоқ
Біз			жоқпыз
Сендер			жоқсыңдар
Сіздер			жоқсыздар
Олар			жоқ

- Мен теледидар көріп жатқан жоқпын.
- Сіз Жұмыс істеп отырған жоқсыз.
- Ол тамақ ішіп отырған жоқ.
- Біз кешкі ас ішіп жатқан жоқпыз.
- Сендер мені тыңдап жатқан жоқсыңдар.
- Олар үй жұмысын жасап жатқан жоқ.


Етістік + -ып, -іп, -п + жатыр, отыр, тұр, жүр = *қазір* болып жатқан іс-әрекет. Нақ осы шақта тек екі етістікке ғана **-а** және **-е** жұрнақтары жалғанады: бар + -а, кел + -е

Мен бара жатырмын

Ол келе жатыр

Мен жұмыс істеп жатырмын.

Мен теледидар көріп жатқан жоқпын.



Өткен шақ

Қазір

Келер шақ


- Тыныштық сақтаңызшы. Мен жұмыс істеп жатырмын (=Мен қазір жұмыс істеп жатырмын)
- Бұл – Сара. Ол қоңыр күрте киіп жатыр (=Ол қазір қоңыр күрте киіп жатыр).
- Ауа-райы тамаша. Жаңбыр жауып тұрған жоқ (=Жаңбыр қазір жауып тұрған жоқ).
- Балалар қайда? Олар паркте ойнап жатыр (=Олар қазір паркте ойнап жатыр).
- Теледидарды сөндіре берсең болады. Мен оны көріп жатқан жоқпын (=Мен оны қазір көріп жатқан жоқпын).

ЖАТТЫҒУЛАР

4-ТАҚЫРЫП

4.1 Мына адамдар не істеп жатыр? Етістіктерді қолдана отырып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Жеу ішу жату ойнау отыру күту



1 Ол алма жеп жатыр.

2 Ол автобус

3 Олар футбол

4 еденде

5таңғы ас

6үстелде

4.2 Мына етістіктерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Салу пісіру бару шомылу тұру қалу жүзу жұмыс істеу

1 Тыныштық сақтаңызшы. Мен жұмыс істеп отырмын.

2 «Айдар қайда?» «Айдар асүйде. Ол».

3 «Мен жаяу». «Кешірім өтінемін!».

4 Қараңыз! Өзенде біреу

5 Біз демалыстамыз. Біз орталық қонақүйде

6 «Айдана қайда?» «Айдана суға»

7 Олар қазір қала орталығынан жаңа қонақүй

4.3 Суретке қараңыз. Айғаным туралы сөйлемдерді жазыңыз. Етістік + -ып,-іп,-п жұрнақтары + жатыр/жатқан жоқ формаларын қолданыңыз.



1 (түскі ас ішу) Айғаным түскі ас ішіп жатқан жоқ.

2 (теледидар көру) Ол теледидар көріп жатыр.

3 (еденде отыру) Ол

4 (кітап оқу)

5 (пианинода ойнау)

6 (күлу)

7 (бас киім кию)

8 (хат жазу)

4.3 Шашылған сөздерден сөйлемдер құрастырып жазыңыздар. Сөйлемдердің мағынасы дәл қазір не болып жатқанын көрсетуі тиіс.

1 (мен/шашымды/жуу) Мен шашымды жуып жатқан жоқпын.

2 (қар/жауу) Қар жауып жатыр немесе қар жауып жатқан жоқ.

3 (мен/креслода/отыру)

4 (мен/жеу)

- 5 (жаңбыр/жауу)
- 6 (мен/қазақша/үйрену)
- 7 (мен/әуен/тыңдау)
- 8 (күн/шығу)
- 9 (мен/аяқ киім/кию)
- 10 (мен/газет/оқу)